

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 2591 тіркелген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Мемлекеттік емес облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу және облигацияларды орналастыру және өтеу қорытындылары туралы есепті қарау ережесін бекіту жөнінде" 2003 жылғы 27 қазандағы N 385 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2004 жылғы 12 шілдедегі N 193 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 11 тамызда тіркелді. Тіркеу N 2996. Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 30 шілдедегі N 269 қаулысымен.

Ескерту: Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 30 шілдедегі N 269 қаулысымен .

"Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 28) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің Басқармасы
қ а у л ы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Мемлекеттік емес облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу және облигацияларды орналастыру және өтеу қорытындылары туралы есепті қарау ережесін бекіту жөнінде" 2003 жылғы 27 қазандағы N 385 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2591 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" N 25 басылымдарында 2003 жылғы 01-14 желтоқсанда жарияланған) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік емес облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу және облигацияларды орналастыру және өтеу қорытындылары туралы есепті қарау ережесі: мынадай мазмұндағы 12-1-тармақпен
т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"12-1. Ипотекалық облигациялар мынадай жоғары өтімді активтермен
қ а м т а м а с ы з е т і л у і м ү м к і н :

1) а қ ш а м е н ;

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы

нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі
Төрағасының орынбасары Е.Бахмутоваға жүктелсін.

Төраға

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК